психологиялық және физиологиялық теріс салдарларды, ықтимал асқынуларды түсіндіруге бағытталған әңгімелер өткізуге міндетті.

2. Жүктілікті жасанды түрде үзу әйелдің қалауы бойынша жүктіліктің он екі аптаға дейінгі мерзімінде, әлеуметтік айғақтар бойынша - жүктіліктің жиырма екі аптаға дейінгі мерзімінде, ал жүкті әйелдің және (немесе) шарананың өміріне қатер төндіретін медициналық айғақтар болған кезде (шарананың дамуы мен жай-күйінің өмірмен сыйыспайтын туа біткен кемістігі түзелмейтін монотектік генетикалық аурулар болған кезде) - жүктіліктің мерзіміне қарамастан жасалады.

3. Кәмелетке толмаған адамның жүктілікті жасанды түрде үзуі олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен жүргізіледі.

4. Емдеу-профилактикалық ұйымдарда әйелдің қалауы бойынша жүктілікті жасанды түрде үзуге дейін және одан кейін, контрацепция әдістері мен құралдарын жеке іріктеуді қоса алғанда, медициналық-әлеуметтік консультация өткізіледі.

5. Жүктілікті жасанды түрде үзудің тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган бекітеді.

4. Иллюстрациялық материал: презентация (15 слайд ұсынылады).

5. Әдебиет: 1-қосымшаны қараңыз

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Репродуктивті денсаулық дегеніміз не?

2. Адамның репродуктивті құқығын қорғаумен кім айналысады?

3. Репродуктивті құқықты қорғау аясындағы азаматтардың міндеттері мен құқықтары қандай?

№10 дәріс

1. Тақырыбы: Медицина қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері

2. Мақсаты: Білім алушылар денсаулық сақтау саласындағы ғылыми және білім беру қызметімен таныстыру.

3. Дәріс тезистері: Медицина қызметкері-бұл бейінді медициналық білімі бар және денсаулық сақтауға тікелей қатысы бар ұйымда еңбек қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға.

Медицина қызметкерлері: өз біліктілігіне, лауазымдық нұсқаулықтарына, қызметтік және лауазымдық міндеттеріне сәйкес медициналық көмек көрсетуге; дәрігерлік құпияны сақтауға; атқарушы биліктің уәкілетті органы белгілеген тәртіппен және мерзімде білім беру және ғылыми ұйымдарда қосымша кәсіптік бағдарламалар бойынша оқыту арқылы кәсіби білім мен дағдыларды жетілдіруге міндетті.

Медицина қызметкерлерінің құқықтары

Оларға мыналар жатады:

- * еңбек тәртібін, кәсіптің этикасы мен деонтологиясын сақтау
- * қызметтік міндеттерін адал орындау
- * жұмыс берушінің мүлкіне ұқыпты қарау
- * дәрігерлік құпия немесе дербес деректер болып табылатын ақпарат пен мәліметтерді жария етпеу

* дәрігердің антын орындау (оны медициналық жоғары оқу орындарының түлектері қабылдайды)

* дәрілік препараттарды заңнамаға қатаң сәйкестікте тағайындау

* эвтаназияға тыйым салу

175 бап. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі

1. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметінің міндеттері Денсаулық сақтау жүйесі үшін кәсіби ғылыми-педагогикалық, медициналық және фармацевтикалық кадрларды даярлау, олардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау болып табылады.

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 15 беті

2. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру қызметі Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарында және білім беру ұйымдарының медициналық және фармацевтикалық факультеттерінде жүзеге асырылады. Медициналық білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті шарты медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары - клиникалық бөлімшелерінің, сондай-ақ медициналық білім беру ұйымдарымен шарттар бойынша Медициналық және фармацевтикалық кадрларды даярлау үшін тиісті жағдайлар ұсынатын денсаулық сақтау ұйымдарының болуы болып табылады.

3. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды және медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ жоғары медициналық білім беру ұйымдарының клиникалық базалары туралы ережені және оларға қойылатын талаптарды уәкілетті орган бекітеді.

4. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдар үшін мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжат, ал клиникалық мамандықтар бойынша маман сертификаты да олардың медициналық ұйымдарда лауазымдарға орналасуы үшін негіз болып табылады.

5. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білім резидентураны, магистратураны және докторантураны қамтиды. Резидентура туралы ережені уәкілетті орган бекітеді.

6. Қосымша білім беру қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын медициналық білім беру және ғылым ұйымдарында жүзеге асырылады.

Қосымша білім берудің негізгі нысандары медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау болып табылады. Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

7. Медицина және фармацевтика кадрларын даярлауды жоспарлауды уәкілетті орган, сондай-ақ денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары саланың қажеттілігін ескере отырып, өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады.

4 Иллюстрациялық материал: презентация (қоса берілген 15 слайд)

5.Әдебиет: -1 қосымшасын қараңыз

6 Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

Медицина қызметкері туралы анықтама берсеңіз?

Медицина қызметкерлерінің құқықтарын атап берсеңіз?

№11 дәріс

1.Тақырыбы: Мемлекеттік саясаттың принциптері және денсаулық сақтауды реттеу негіздері.

2.Мақсаты: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы. Денсаулық сақтауды мемлекеттік реттеу.

3. Дәріс тезистері: 1) адамның мекендеу ортасы (бұдан әрі - мекендеу ортасы) - адамның тіршілік ету жағдайын айқындайтын, ортаның (табиғи және жасанды) табиғи, антропогендік және әлеуметтік факторларының жиынтығы;

2) АИТВ инфекциясы - адамның иммун тапшылығы вирусы туындатқан, иммундық жүйенің ерекше зақымдануымен сипатталатын және жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы қалыптасқанға дейін оның баяу бұзылуына алып келетін созылмалы инфекциялық ауру;

3) алғашқы көмек бойынша сертификатталған жаттықтырушы - алғашқы көмек пен базалық жүрек-өкпе реанимациясы бойынша қосымша даярлықтан өткен адам;

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 16 беті

4) анонимдік зерттеп-қарау - адамды жеке басын сәйкестендірмей, ерікті түрде медициналық зерттеп-қарау;

5) апат медицинасы - әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше ахуалдардың (бұдан әрі - төтенше ахуалдар) медициналық-санитариялық салдарларының алдын алуға және оларды жоюға бағытталған, халық ауруларының алдын алуды және оларды емдеуді, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды, төтенше ахуалдарды жоюға қатысушылардың денсаулығын сақтауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ авариялық-құтқару қызметтерінің қызметкерлеріне медициналық көмекті қамтитын медицина саласы;

6) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры - аударымдар мен жарналарды жинақтауды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

7) әскери медицина - әскери-медициналық қызметтің ғылыми білімі (ғылыми-практикалық пәндер кешені) мен практикалық қызметінің жүйесін білдіретін, бейбіт уақытта және соғыс уақытында арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының әскерлерін, бөлімшелері мен ведомстволарын жан-жақты медициналық қамтамасыз етуді өзіне мақсат ететін медицина мен денсаулық сақтау саласы;

8) әскери-медициналық қызмет - әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелердің Қазақстан Республикасының заңдарында осы органдардың қызметін әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз етуге арналған әскери қызмет немесе мемлекеттік қызметтің ерекше түрі көзделген жиынтығы;

9) әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер - әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің құрылымдық бөлімшелері, сондай-ақ әскери-медициналық (медициналық) мекемелер (ұйымдар), өзге де бөлімшелер;

10) байыту (фортификация) - тағамдық өнімді өндіру немесе қайта өңдеу процесінде оған дәрумендерді, минералдарды және басқа да заттарды тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру, сондай-ақ адамда олардың тапшы болуына байланысты аурулардың профилактикасы мақсатында енгізу;

11) бала (балалар) - он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам;

12) бейінді маман - жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

13) белгіленген (түпкілікті) санитариялық-қорғаныш аймағы - есептік (алдын ала) санитариялық-қорғаныш аймағын растау үшін шынайы зерттеулер мен өлшемдердің жылдық циклі нәтижелерінің негізінде айқындалатын санитариялық-қорғаныш аймағының аумағы;

14) белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесі - белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттары бөлінісінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдар мен арнайы емдік өнімдердің атаулары мен сипаттамаларын қамтитын, амбулаториялық жағдайларда медициналық-санитариялық алғашқы көмек және мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде бюджет қаражаты және (немесе) әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен сатып алынатын дәрілік заттардың, медициналық бұйымдар мен арнайы емдік өнімдердің тізбесі;

15) биоаналогтық дәрілік препарат (биоаналог, биотектес дәрілік препарат, биосимиляр) - құрамында тіркелген биологиялық бірегей дәрілік препараттың немесе референттік дәрілік

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 17 беті

препараттың әсер етуші затының нұсқасы бар және ол бойынша сапа, биологиялық белсенділік, қауіпсіздік және тиімділік көрсеткіштері бойынша салыстырып зерттеулердің негізінде ұқсастығы (текстестігі) көрсетілген биологиялық дәрілік препарат;

16) биобанк - ғылыми және медициналық мақсаттар үшін биологиялық материалдарды мамандандырылған сақтау қоймасы;

17) биологиялық белсенді заттар - жануарлар мен адам организмінің патологиялық өзгерген функцияларын қалыпқа келтіретін табиғи жолмен алынатын заттар немесе олардың синтетикалық аналогтары;

18) биологиялық дәрілік препарат - әсер етуші заты биологиялық көзден өндірілген немесе бөліп алынған және оның қасиеттерін сипаттау мен сапасын бақылау үшін өндірістік процесті және оны бақылау әдістерін бағалай отырып, талдаудың биологиялық және физикалық-химиялық әдістерін ұштастыру қажет болатын дәрілік препарат;

19) биологиялық жолмен алынатын дәрілік препараттар - құрамында биологиялық заттарды (гормондар, цитокиндер, қанды ұйыту факторлары, инсулиндер, моноклондық антиденелер, ферменттер, колония ынталандырушы факторлар, тіндер жасушаларының базасында жасалған препараттар және биотехнологиялық әдістердің көмегімен алынған өзге де заттар) қамтитын препараттар;

20) биомедициналық зерттеу - мақсаты адамның өмірі, денсаулығы, аурулар, оларды диагностикалау, емдеу немесе олардың профилактикасы, сондай-ақ өмір процестерімен, аурулармен және денсаулықпен байланысты генетикалық және экологиялық факторлар туралы жаңа білімді ғылыми әдістермен алу болып табылатын зерттеу;

21) биотехнологиялық дәрілік препарат - биотехнологиялық процестердің және рекомбинанттық дезоксирибонуклеин қышқылы технологиясы, биологиялық белсенді ақуыздарды өндіруді кодтайтын гендердің бақыланатын экспрессиясы, гибридомдық технологиялар, моноклондық антиденелер немесе басқа да биотехнологиялық процестер пайдаланылатын әдістерді қолданудың көмегімен өндірілген дәрілік препарат;

22) биоэтика - өмір туралы ғылымның жаңа жетістіктерін қолданудың моральдық, әлеуметтік, құқықтық аспектілерін талдау мақсатында биомедициналық және гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық ғылыми бағыт;

23) босандыру - босану актісінің табиғи немесе жасанды жолмен (аспаптық, қолдың көмегімен, дәрі-дәрмекпен) аяқталуы;

24) бөлшек саудада өткізу үшін дәрілік заттың саудалық атауына арналған шекті баға - бөлшек саудада өткізуді одан жоғары бағамен жүзеге асыруға болмайтын, бағалық реттеуге жататын дәрілік заттардың тізбесіне енгізілген дәрілік заттың саудалық атауына арналған баға;

25) бірегей дәрілік препарат - қауіпсіздігін, сапасы мен тиімділігін растайтын клиникаға дейінгі (клиникалық емес) және клиникалық толық зерттеулердің нәтижелерін қамтитын дерекнама негізінде әлемдік фармацевтика нарығында бірінші болып тіркелген және орналастырылған, жаңа әсер етуші заты бар дәрілік препарат;

4 Иллюстрациялық материал: презентация (қоса берілген 15 слайд)

5.Әдебиет: -1 қосымшасын қараңыз

6 Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

Денсаулық сақтаудағы басым бағыттар қандай?

№12 дәріс

1.Тақырыбы: Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мен міндеттері

2.Мақсаты: Мемлекеттік саясаттың принциптері мен міндеттері

3. Дәріс тезистері:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы	58-12-2024 ()
Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»	36 беттің 18 беті

1. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясат:

- 1) адамның құқықтарын сақтау;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің ізгілік, еріктілік, құпиялылық, атаулылық және қолжетімділік;
- 3) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдардың (отбасыларының), арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуға тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;
- 4) мемлекеттік органдардың арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілермен өзара іс-қимылы;
- 5) кешенділік;
- 6) әлеуметтік ықпалдасу және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту;
- 7) кемсітпеушілік қағидаттарына негізделеді.

2. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

- 1) өмірлік қиын жағдай туындаған кезде оны еңсеру үшін жағдай жасау;
- 2) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемімен қамтамасыз ету;
- 3) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын сақтауды қамтамасыз ету;
- 4) көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің мониторингі және оның сапасын бағалау жүйесін дамыту;
- 5) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесінің дамуын қамтамасыз ету;
- 6) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 7) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

4 Иллюстрациялық материал: презентация (қоса берілген 15 слайд)

5.Әдебиет: -1 қосымшасын қараңыз

6 Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

№13 дәріс

1.Тақырыбы: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы.

2.Мақсаты: «Сапалы және қолжетімді медициналық қызмет әрбір азаматқа, Салауатты ұлт».

3. Дәріс тезистері:

Денсаулық – бұл әр адамның және бүкіл қоғамның баға жетпес байлығы. Ұлт денсаулығы – мемлекеттің күші! Денсаулық адамның ең қасиетті де құнды, қайталанбас, жоғалса орнына қиындықпен келетін, орны толмас асыл қазынасы. Ұлы ойшыл Сократқа кезінде мынадай сұрақ қойыпты: «Адамға өмірде не қымбат, байлық па, даңқ па?». Сонда Сократ: «Байлық та, атақ та, даңқ та адамды шын бақытты ете алмайды. Дені сау кедей ауру патшадан бақыттырақ», – деп жауап берген екен. Яғни, адам бақытты болу үшін оған денсаулық керек. Сондықтан соңғы кезде елімізде денсаулық сақтау саласын мемлекет тарапынан қайта дамытуға айрықша көңіл бөліне бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға ерекше назар аударды. Бұл ретте Президент тапсырмасын орындау мақсатында Қазақстан Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы қаулысымен «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау ұлттық жобасы бекітіліп, жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты – әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтауды қамтамасыз ету, ол 2025 жылға дейін есептелген және төрт түрлі бағытта жүзеге асырылады: Бірінші бағыт – медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру. Екінші бағыт – эпидемиялық болжау мен ден қоюдың заманауи жүйесін қалыптастыру. Үшінші бағыт – отандық фармацевтика саласының дамуына ықпал ету. Төртінші бағыт – салауатты өмір салтын ұстанатын халықтың үлесін арттыруға және бұқаралық спортты дамытуға бағытталған іс-шаралар. Мемлекеттің басты басымдығы

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 19 беті

әрқашан адам денсаулығын сақтау болып табылады. Адам денсаулығын сақтау құқығына Қазақстан Республикасы Конституциясының 29-бабы кепілдік береді. «Дені сау ұлт» ұлттық жобасының қабылдануы да тегін емес, себебі қазіргі коронавирустық пандемия әсерінен туындаған экономикалық залал, еліміздің қиын кезеңге аяқ басуының белгісі болып табылады. Осындай қиын-қыстау кезеңде ұлттың денсаулығын көтеру ел экономикасын дамытуға байланысты. Егер елдердің табыс деңгейі мен өлім арасындағы корреляцияны қарастыратын болсақ, онда байланыс тікелей байқалады: ел неғұрлым бай болса, өлім деңгейі соғұрлым төмен және өмір сүру ұзақтығы жоғары болады. Ұлттық жобаның бірінші бағытын жүзеге асыру үшін халықтың медициналық қызмет сапасына қанағаттану деңгейін 80%-ға дейін арттыру көзделген. Ауылдық елді мекендер, оның ішінде тірек және спутниктік ауылдар бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарымен толықтай қамтамасыз етіледі. Ұлттық жоба аясында жүкті әйелдер мен балалардың денсаулығын сақтау үшін бірнеше шара қарастырылған. Біріншіден, жүкті әйелдерді босанғанға дейінгі бақылаумен қамту көзделген. Екіншіден, 1 жасқа дейінгі балаларды проактивті бақылаумен және скринингтермен қамтамасыз ету қарастырылған. Үшіншіден, 8 өңірде балаларды оңалтуға арналған 8 орталық және 2 ерте араласу орталығын қосымша ашу жоспарланған. Бұл мүмкіндігі шектеулі балаларды медициналық оңалтумен қамтуды 3 есеге (18%-дан 60%-ға) дейін арттыруға мүмкіндік береді. Ұлттық жобаның екінші бағытында биоқауіпсіздік және сәйкестікті бағалау саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін санитарлық-эпидемиялық сараптама зертханаларының үлесін үштен бірге дейін арттыру жоспарланған. Аталған жобаның үшінші бағытында Мемлекет басшысының өткен жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылған тапсырмалар ескерілген.

4 Иллюстрациялық материал: презентация (қоса берілген 15 слайд)

5.Әдебиет: -1 қосымшасын қараңыз

6 Бақылау сұрақтары (кері байланыс):

№14 дәріс

1.Тақырыбы: Медициналық ұйымдарды аккредиттеу, аттестациялау, лицензиялау және аттестаттау тәртібі және т.б.

2.Мақсаты: Денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу тәртібі

3. Дәріс тезистері: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 1 маусымдағы № ҚР ДСМ-59/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 2 маусымда № 20809 болып тіркелді.

1) рұқсаттық бақылау – рұқсат беру органдарының рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеруге бағытталған қызметі, сондай-ақ, олар берілгеннен кейін лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсатты иеленушілердің Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;

2) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 20 беті

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай – ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Медициналық қызметке лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбеде (бұдан әрі – Тізбе) жазылған.

2-тарау. "Медициналық қызметке лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

6. Қазақстан Республикасының аумағында медициналық қызметті жүзеге асыру үшін жеке немесе заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің аумақтық департаменттеріне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Тізбенің 8-тармағында белгіленген және электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2 немесе 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша өтінішті "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы "www.egov.kz", "www.elicense.kz" (бұдан әрі – портал) жібереді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.05.2023 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" веб – порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы ұсынылған көрсетілетін қызметті алушының (құжат иесінің) келісімі болған кезде, іске асырылған интеграция (бұдан әрі – сервис) арқылы цифрлық құжаттар сервисінен бір реттік парольді беру арқылы немесе қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде мәліметтерді алады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттар туралы;
- 2) көрсетілетін қызметті алушыны заңды тұлға немесе дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы;
- 3) медициналық қызметке лицензияның бар/жоғы туралы;
- 4) меншік құқығын немесе жалға алу шартын немесе жылжымайтын мүлікті (несиені) өтеусіз пайдалану немесе мүлікті сенімгерлік басқару шартын немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын ("электрондық үкімет" шлюзінде (бұдан әрі – ЭҮШ) мәліметтер болған жағдайда) куәландыратын;

4 Иллюстрациялық материал: презентация (қоса берілген 15 слайд)

5.Әдебиет: -1 қосымшасын қараңыз

6 Бакылау сұрақтары (кері байланыс):

№15 дәріс

1.Тақырыбы: Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Кодекстері.

2.Максаты: Қазақстан Республикасының Кодексі

3. Дәріс тезистері: Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі.

1-бап. Осы Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 21 беті

- 2-бап. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасы
- 3-бап. Осы Кодексте реттелетін қатынастар
- 4-бап. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының мақсаты мен міндеті
- 5-бап. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының қағидаттары
- 6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті
- 7-бап. Уәкілетті органның құзыреті
- 8-бап. Медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік органның құзыреті
- 9-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның құзыреті
- 10-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органның құзыреті
- 11-бап. Әскери-медициналық (медициналық), сот-медициналық, сот-наркологиялық, сот-психиатриялық бөлімшелері бар орталық атқарушы органдар мен өзге де орталық мемлекеттік органдардың құзыреті
- 12-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті
- 13-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының құзыреті
- 14-бап. Денсаулық сақтау саласындағы ұлттық оператордың өкілеттіктері
- 15-бап. Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссия
- 16-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің ведомствоаралық өзара іс-қимылы
- 17-бап. Денсаулық сақтау саласындағы қызметті лицензиялау
- 18-бап. Адамның ағзаларын (ағзасының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тінінің бөлігін), қан мен оның компоненттерін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуді және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуді лицензиялау
- 19-бап. Денсаулық сақтау саласындағы рұқсаттар
- 20-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру
- 21-бап. Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсатты және оған қосымшаны беру
- 22-бап. Өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру
- 23-бап. Дәрілік затқа немесе медициналық бұйымға тіркеу куәлігін беру
- 24-бап. Денсаулық сақтау саласындағы хабарламалар
- 25-бап. Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу
- 26-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілікке аттестаттау
- 27-бап. Денсаулық сақтау саласындағы маман мен менеджерді сертификаттау
- 28-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы жалпы ережелер
- 29-бап. Апелляциялық комиссияның шағымды қарау тәртібі
- 30-бап. Медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау
- 31-бап. Медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар
- 32-бап. Медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі лауазымды адамдардың құқықтары

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 22 беті

- 33-бап. Медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі
- 34-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай медициналық қызметтер (көмек) көрсету саласындағы профилактикалық бақылау
- 35-бап. Медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) сапасына сараптама
- 36-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау
- 37-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар
- 38-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі лауазымды адамдардың құқықтары
- 39-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды әлеуметтік қорғау
- 40-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру кезінде тексерулер жүргізудің ерекше тәртібі
- 41-бап. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы жоспардан тыс тексеру түріндегі мемлекеттік бақылау мен қадағалау
- 42-бап. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы профилактикалық бақылау
- 43-бап. Өнімді іріктеу және оған санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу
- 44-бап. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы профилактикалық бақылау
- 45-бап. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы профилактикалық бақылаудың түрлері
- 46-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама
- 47-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық зертханалық зерттеулер жүргізу тәртібі
- 48-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит
- 49-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын аудиторларға қойылатын талаптар
- 50-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық аудит рәсімі
- 51-бап. Өндірістік бақылау
- 52-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік бақылау
- 53-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар
- 54-бап. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезіндегі лауазымды адамдардың құқықтары
- 55-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы профилактикалық бақылау
- 56-бап. Денсаулық сақтау саласындағы жарнама
- 57-бап. Цифрлық денсаулық сақтаудың негіз қалаушы қағидаттары
- 58-бап. Осы тарауда пайдаланылатын негізгі ұғымдар
- 59-бап. Цифрлық денсаулық сақтау саласындағы қызмет
- 60-бап. Цифрлық денсаулық сақтау объектілері мен субъектілерінің өзара іс-қимылы
- 61-бап. Цифрлық денсаулық сақтау субъектілерінің жауаптылығы
- 62-бап. Жеке тұлғалардың дербес медициналық деректерін қорғауды қамтамасыз ету
- 63-бап. Денсаулық сақтау субъектілері
- 64-бап. Медициналық қызметтің түрлері

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 23 беті

- 65-бап. Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту
- 66-бап. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік
- 67-бап. Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері
- 68-бап. Медициналық көмектің көлемдерін қаржыландыру
- 69-бап. Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздерін пайдалану
- 70-бап. Ұлттық денсаулық сақтау шоттары
- 71-бап. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық
- 72-бап. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың басым бағыттары
- 73-бап. Денсаулық сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың экономикалық және құқықтық негіздері
- 74-бап. Қоғамдық денсаулықты сақтаудың басым бағыттары
- 75-бап. Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы статистикалық байқау
- 76-бап. Денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды қамтамасыз ету кепілдігі
- 77-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары
- 78-бап. Балалардың құқықтары
- 79-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары мен отбасының репродуктивтік құқықтарын қорғау саласындағы құқықтары
- 80-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының міндеттері
- 81-бап. Жүкті әйелдер мен аналардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтары мен міндеттері
- 82-бап. Дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың жұмыскерлердің денсаулығын сақтау жөніндегі міндеттері
- 83-бап. Қандастардың, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың және өзге де адамдардың құқықтары мен міндеттері
- 84-бап. Аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру
- 85-бап. Профилактикалық екпелерді жүргізу
- 86-бап. Медициналық қарап-тексеру
- 87-бап. Скринингтік зерттеулер
- 88-бап. Динамикалық байқау
- 89-бап. Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама
- 90-бап. Алғашқы көмек
- 91-бап. Мектепке дейінгі және мектеп медицинасы
- 92-бап. Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастарға репродуктивтік және психикалық денсаулықты сақтау бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну ерекшеліктері
- 93-бап. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет жүйесі
- 94-бап. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау
- 95-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық талаптар
- 95-1-бап. Патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдер коллекциясы
- 96-бап. Халықты гигиеналық оқыту
- 97-бап. Гигиеналық оқыту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қойылатын талаптар
- 98-бап. Туберкулез профилактикасы
- 99-бап. АИТВ инфекциясының профилактикасы
- 100-бап. Медициналық қалдықтардың айналысы
- 101-бап. Медициналық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау, залалсыздандыру, көму және (немесе) пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға қойылатын талаптар
- 102-бап. Санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шаралар

ÖNTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		58-12-2024 () 36 беттің 24 беті

- 103-бап. Қазақстан Республикасының аумағын санитариялық қорғау
- 104-бап. Эпидемиялардың, инфекциялық аурулардың пайда болу қаупі төнген жағдайда шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізу жағдайлары
- 105-бап. Инфекциялық, паразиттік аурулар және (немесе) улану оқиғаларын тіркеу және тергеп-тексеру
- 106-бап. Кәсіптік аурулар және (немесе) улану оқиғаларын тіркеу және тергеп-тексеру
- 107-бап. Дезинфекция, дезинсекция және дератизация
- 108-бап. Инфекциялық емес аурулардың, оның ішінде кәсіптік аурулардың және жарақаттанудың профилактикасы
- 109-бап. Психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділіктің профилактикасы
- 110-бап. Темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды және алкогольді тұтыну профилактикасы және оны шектеу
- 111-бап. Темір тапшылығы жай-күйінің профилактикасы
- 112-бап. Йод тапшылығы ауруларының профилактикасы
- 113-бап. Халық денсаулығы және қоршаған орта
- 114-бап. Санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг
- 115-бап. Медициналық көмекті ұйымдастыру
- 116-бап. Медициналық көмек көрсету деңгейлері
- 117-бап. Медициналық көмек нысандары
- 118-бап. Психиатриялық көмек көрсетілетін азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау
- 119-бап. Ауылдық денсаулық сақтау деңгейінде медициналық көмекті ұйымдастыру ерекшеліктері
- 120-бап. Медициналық көмек түрлері
- 121-бап. Жедел медициналық жәрдем
- 122-бап. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек
- 123-бап. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек
- 124-бап. Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек
- 125-бап. Медициналық оңалту
- 126-бап. Паллиативтік медициналық көмек
- 127-бап. Мейіргерлік қызмет
- 128-бап. Медициналық көмек көрсетудің интеграцияланған моделі
- 129-бап. Қашықтықтан медициналық қызметтер көрсетудің ерекшеліктері
- 130-бап. Зертханалық диагностика
- 131-бап. Патологиялық-анатомиялық диагностика
- 132-бап. Дәстүрлі медицина. Емшілік
- 133-бап. Денсаулық сақтау технологияларын бағалау
- 134-бап. Пациенттердің құқықтары
- 135-бап. Пациенттердің міндеттері
- 136-бап. Медициналық көмектен бас тарту құқығы
- 137-бап. Пациенттің келісімінсіз медициналық көмек көрсету
- 138-бап. Медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын әзірлеуге қойылатын талаптар
- 139-бап. Әскери қызметшілерді, ғарышкерлікке кандидаттарды, ғарышкерлерді, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, олардың отбасы мүшелерін, құқық қорғау органдарының зейнеткерлерін, сондай-ақ әскери қызметтен, арнаулы

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы		58-12-2024 ()
Дәріс кешені «Денсаулық сақтау саясаты және заңнама»		36 беттің 25 беті

мемлекеттік органдар қызметінен босатылған азаматтарды әскери-медициналық (медициналық) қамтамасыз ету
 140-бап. Әскери-дәрігерлік сараптама
 141-бап. Сот-медициналық, сот-психиатриялық және сот-наркологиялық сараптамалар
 142-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері мен азаматтарының жекелеген санаттарына медициналық көмек көрсету
